



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкінің кадр резервін қалыптастыру туралы

2023 жыл, 12 қаңтар

Қазақстан Ұлттық Банкі **2022 жылғы 26 желтоқсан – 2023 жылғы 26 қаңтар** (қоса алғанда) **аралығында** кадр резервіне үміткерлерді іріктеу жүріп жатқанын еске салады. Оған қатысу үшін осы уақыт аралығында Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми сайтында [электрондық резюме](#) толтыру қажет.

Негізгі талап бойынша іріктеу кезінде кандидаттың: білімі, жоғары біліктілік деңгейі, жұмыс тәжірибесі мен халықаралық сертификаттары (қаржы, IT саласында) ескеріледі.

Кадр резервіне іріктеу кезең-кезеңімен жүргізіледі. Бірінші кезең – түйіндеме мен мотивациялық хат (эссе) ұсынудан тұрады. Соның қорытындысы бойынша кандидаттар Қазақстан Ұлттық Банкінің адам капиталын дамыту департаментінің өкілдерімен, сондай-ақ мүдделі бөлімшелердің басшыларымен дидарласуға шақырылады.

Іріктеуден өткен және кадр резервіне алынғандар **жыл ішінде Қазақстан Ұлттық Банкіне жұмысқа орналасуы мүмкін.**

Кадр резервіне алынған кандидаттардың тізімі Ұлттық Банктің сайтында жарияланады.

**Толығырақ ақпаратты келесідей телефон арқылы алуға болады:**

+7(7172) 77 51 32

+7 (7172) 77 55 77 (ішкі 1739)

e-mail: [HR@nationalbank.kz](mailto:HR@nationalbank.kz)